



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ _____
02.06.2023 № 1 _____ ге

**Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының
бірлескен отырысының қаулысы**

Астана қ.

2023 жылғы 2 маусым

**«Қолжетімді және жайлы
қоғамдық дәретханалар -
елорданың мәдени бет-бейнесі»
бағдарламасын іске асыру
бойынша жүргізіліп жатқан
жұмыстар туралы**

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары «Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар - елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, төмендегілерді атап өтеді.

Қазіргі уақытта қала аумағында мердігерлік ұйымдар қызмет көрсететін 44 қоғамдық дәретхана бар. Астана қаласы әкімдігінің ақпараты бойынша қосымша 23 санитарлық торап орнату қажет етіледі.

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2022 жылы қоғамдық санитарлық-гигиеналық тораптар мәселесі бойынша 343 өтініш тіркелген, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 0,6% - ға артық.

Өтініштердің көп бөлігі «Есіл» ауданына – жалпы санының 36% және «Алматы» ауданына тиесілі - 32%. «Сарыарқа» ауданы – 17% және «Байқоңыр» ауданы бойынша - 15 %.

Әсіресе, биодәретханалар мен санитарлық тораптардың техникалық, санитарлық жағдайына қатысты шағымдар көп түскен, атап айтқанда:

- қолжетімділіктің болмауы (жабық, жұмыс істемейді, кеш ашылады, ерте жабылады);
- санитарлық жағдайы (иіс, лас);
- техникалық жай-күйі (судың, электр энергиясының болмауы, кабиналар жұмыс істемейді, есіктері сынған, кәріз дұрыс жұмыс істемейді).

Қала тұрғындары қоғамдық санитарлық тораптар мен биодәретханаларды саябақтарда, жағалау бойында, адамдар көп жиналатын жерлерде (жәрмеңкелер, концерттер), сондай-ақ қоғамдық көлік жүргізушілеріне арнап соңғы аялдамаларда орнатуды сұрайды.

Депутаттар мен мониторингтік топ мүшелері көпшілік тыңдауларға дайындық шеңберінде санитарлық-гигиеналық тораптар орналасқан жерлерді аралап шықты, нәтижесінде 44 қоғамдық дәретхананың тек 4-не ғана ескертулер жоқ.

Дәретханалардың көбі жабық, санитарлық тораптарға бағыт көрсететін белгілер жоқ, санитарлық тораптар мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделмеген, иістер мәселесі. Санитарлық тораптардың сыртқы келбеті мен техникалық көрсеткіштері бойынша бірыңғай тұжырымдама жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қолжетімді және жайлы қоғамдық дәретханалар - елорданың мәдени бет-бейнесі» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

елорданың қоғамдық дәретханаларының техникалық және санитарлық жағдайына тексеру жүргізу;

қоғамдық дәретханалардың орналасуы бойынша карта дайындау;

қоғамдық пайдаланудағы санитарлық-гигиеналық тораптардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

азаматтардың өтініштерін ескере отырып, қоғамдық дәретханаларды орнату қажеттілігіне талдау жүргізу;

адамдар көп жиналатын орындарда, сондай-ақ қоғамдық көліктің соңғы-айналмалы алаңдарында санитарлық тораптар орнату жөнінде шаралар қабылдау;

қоғамдық дәретханаларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде орнату мүмкіндігін қарастыру;

мемлекеттен өтемақы төлей отырып, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының дәретханаларын ортақ пайдалануға ұсыну жөніндегі еуропалық елдердің тәжірибесін зерделеу және пайдалану;

қоғамдық дәретханалардың ішкі-сыртқы келбетінің бірыңғай стилін әзірлеу және барлық дәретханалардың бірыңғай стильге сәйкестігін қамтамасыз ету, қоғамдық дәретханаларға бағыт көрсететін белгілер орнату;

санитарлық тораптарды бүлдіруге төзімді жабдықтармен қамтамасыз ету;

санитариялық тораптарды мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған құрылғылармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ-не қоғамдық дәретханаларды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша бюджет қаражатын пайдалануға аудит жүргізу ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**




В. Сергеев

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



К. Адамбеков

**Астана қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



А. Айтхожин

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



А. Смағұлов